**2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

193, 194, 195, 196, 197 (құпия), 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
193-ҚОСЫМША

*Ескерту. 193-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

220 - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның жұмысын қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 525360 мың теңге (бес жүз жиырма бес миллион үш жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі , "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы , "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңы , "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , " Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджет комиссиясы ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 24 тамыздағы N 1426 Жарлығы , "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 карашадағы N 1240 қаулысы , " Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі аппаратының қызметін қамтамасыз ету; өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік пен дағдыны жаңарту; министрлікті материалдық-техникалық жарақтандыру; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық қолдау, сүйемелдеу, сондай-ақ компьютерлік жабдықты қосалқы бөлшектермен, шығыс материалдарымен қамтамасыз ету, есептеу техникасын жаңарту және қажетті бағдарламалық өнімдерді сатып алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің аппаратын ұстау, Республикалық бюджет комиссиясының мәжілістерін өткізу; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту; жұмыс істеп тұрған және іске қосылатын ақпараттық жүйелерді, ақпаратты қорғаудың бағдарламалық құралдарын сүйемелдеу, әкімшілік ету және қолдау әрі оларды техникалық қолдау; Министрлік жүйесінің есептеу және ұйымдық техника құралдарына, жергілікті есептеу желілеріне және Министрліктің құрылымдалған кабельдік жүйесіне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру; есептеу желісінің ақпараттық

қауіпсіздігін және ақпаратты қорғауды, соның ішінде жабық ақпаратты өңдеу кезінде қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің есептеу құралдарын, телекоммуникациялық және ұйымдық жабдығын қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету; түпкілікті пайдаланушыларға ақпараттық жүйеде жұмыс істеу жөнінде консультациялар беру және ақпараттық инфрақұрылымға аудит жүргізу бойынша қызметтер көрсету, істен шығу жағдайларын талдау; жүйені пайдалану кезінде туындайтын авариялық және істен шығу жағдайларын талдау; авариялық және істен шығу жағдайларының нәтижесінде немесе есептеу техникасының істен шығуы кезінде бұзылған бағдарламалық қамтамасыз етуді және дерекқорды қалпына келтіру бойынша консультациялық және практикалық көмек алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның жұмысын қамтамасыз ету |
| 2 | 001 | | Орталық органның аппараты | 406 бірлік мөлшерінде бекітілген штат санының ли- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | митіне сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің орталық аппаратын ұстау; Республикалық бюджет комиссиясының мәжілістерін өткізуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету; жалға алу, 9 бірлік есебінен бекітілген лимит шегінде автокөлік ұстау; спорттық-сауықтыру іс-шараларын жүргізу, Қазақстан Республикасының өңірлерінде лицензиялау жүйесін жетілдіру жөнінде семинарлар өткізу, 40 есе ең төменгі есептік көрсеткішке дейінгі тауарлар сатып алу. | | бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша қызметтер алу, мемлекеттік және басқа тілдерге оқыту. Біліктілікті арттыру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | курстарын өтіп жатқан мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны - 140 қызметкер. | | |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін материалдық-техникалық жарақтандыру үшін 150 жиынтық офистік жиһаз, 61 дана телефон аппараттарын (нөмір анықтауышы бар), 10 дана металдан жасалған шкаф, 12 дана қағаз жоюшы, 16 дана факсимильдік аппарат және өзге активтер мен тауарларды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар- | Интеграцияланған ақпараттық жүйелерді және жергілікті міндеттерді сүйемелдеу. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

| | |
|---|---|
| ды ақпа-раттық-техника-лық қам-тамасыз ету | талдамалық жүйесін сүйемелдеу. 4 бірліктен кем емес принтерлер, 10 бірліктен кем емес компьютерлер, ақпараттық жүйелер серверлері үшін сақ-тау модульдері - 4 дана сатып алу. Ақпараттық жүйелер мен желілердің: 13 бірлік серверіне, 380 бірлік компью-терлік техникасы-на, 51 бірлік ноутбукке, 292 бірлік принтерге, 35 бірлік сканер-ге, 200 бірлік телекоммуникация-лық және басқа жабдығына, сондай-ақ кондиционерлер мен үздіксіз электрмен қоректендіру жүйесіне жүйелік-техникалық қызмет көрсету және әкімшілік ету. Ақпараттық инфра-құрылымға аудит жүргізу жөнінде қызметтер көрсету. Ақпараттық жүйе-лердің ақпараттық қауіпсіздігін сүйемелдеу. Вирусқа қарсы бағдарламаларға |

жылдық жазылым. Министрлікті есептеу, телекоммуникациялық және басқа жабдықпен және бағдарламалық өнімдермен және Республикалық бюджет комиссиясының отырыс залымен толықтыра жарақтандыру. Жинақтаушы, қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету. Жабдықты жөндеу, монтаждау, жеткізу, шығыс материалдары мен жинақтаушы детальдарды жеткізу бойынша ілеспе қызметтерді алу. Интернет желісіне және VPDN-не қосу жөніндегі қызметтерді алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы, қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай жоғарылату; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық жүйелерін тиімді қолданбалы және жүйелі қамтамасыз ету жұмыстары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
194-ҚОСЫМША
220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін құру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 25000 мың теңге (жиырма бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік сатып алулар туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы , " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін жасаудың бірінші кезеңін бағдарламалық-аппараттық платформасын жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін жасаудың пилоттық жобасын жетілдіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар. лама коды | Кіші бағдар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Мемлекеттік | Мемлекеттік бас- | Жыл | Қазақстан |

басқарудың қарудың ахуалдық бойы Республикасы ахуалдық жүйесін дамыту Экономика және жүйесін жөнінде қызметтер- бюджеттік құру ді алу және 4 жоспарлау адамды оқыту. министрлігі Басқа да ілеспе қызметтерді алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ахуал жүйесінің жобасын техника-технологиялық нақтылау; шешімдерді жоспарлау мен қабылдау барысында жүйені іске қосу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 195-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 32718 мың теңге (отыз екі миллион жеті жүз он сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі , "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бюджеттік-қаржылық жоспарлауды ақпараттандырудың қазіргі деңгейіне жетуге, сондай-ақ есептеу, жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету, біріктірілген ақпараттық жүйе және ақпаратты қорғаудың құралдарымен жарақтандыру және уақтылы жаңғыртуын қамтамасыз етуге

бағытталған кешенді ақпараттандыруды жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді енгізу, олардың жұмыс істеуінің сенімділігін және жоғары өнімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық талдамалық жүйені дамыту, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша лицензиялық бағдарламалық өнімді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі үшін серверлік жабдықты сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру | 1. "Республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру" атты біріктірілген ақпараттық жүйені дамыту. 2. "НСИ дерек қоры" біріктірілген ақпараттық жүйені дамыту. 3. Ақпараттық талдамалық жүйені дамыту. 4. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге лицензиялық бағдарламалық өнімді сатып алу. 5. Серверлік жабдық сатып алу - 4 дана. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бюджеттік-қаржылық жоспарлауды ақпараттандырудың қазіргі деңгейін, жаңа технологиялық және аспаптық құралдардың базасында мемлекеттің талаптары мен міндеттемелерін қамтамасыз ету, сондай-ақ есептеу желісі мен ақпаратты қорғау ресурстарын тиімді басқару мен мониторингін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
196-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 670000 мың теңге (алты жүз жетпіс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі , "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы , "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Инвестициялық жобаларды қарау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 карашадағы N 1219 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті үш жыл кезеңіне арналған орта мерзімді жоспарда белгіленген мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті үш жыл кезеңіне арналған орта мерзімді жоспарында белгіленген бюджеттік инвестициялар басымдықтарына сәйкес инвестициялық жобаларды уақытында дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптау | Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілген бөлуге сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелеріне мемлекеттік және заңнамада көзделген басқа да сараптамалар жүргізуі | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: заңдарда көзделген сараптамалардан өткен республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
197-ҚОСЫМША (құпия)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
198-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалалардың тіршілік ету объектілерін күрделі жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 21500 мың теңге (жиырма бір миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларда тіршілік ету объектілерін күрделі жөндеуге бағытталған шараларды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттерге қаржылық қолдау көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 008 | | Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалалардың тіршілік ету объектілерін күрделі жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларда тіршілік ету объектілерін күрделі жөндеуге байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін облыстық бюджеттерге республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: көзделген қаражатты республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге аудару.*

*Ескерту: облыстық бюджеттерге берілетін қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен алынатын трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
199-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Экономиканың мемлекеттік секторында**

**мамандарды перспективалы оқыту" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 199-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
200-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтинг агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 23071 мың теңге (жиырма үш миллион жетпіс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысы , "Мемлекеттік органдардың рейтингілік агенттіктері ақпаратты ұсыну жөніндегі қызметін үйлестірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 31 шілдедегі N 116-ө өкімі , Standard and Poor's (1997 жылғы 4 маусымдағы), Fitch Rating Ltd (1997 жылғы 8 қыркүйектегі), Moody's Investors Service (1996 жылғы 1 шілдедегі) агенттіктері Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингті беру және қайта қарау жөнінде қызметтерді ұсынуға арналған келісімдер.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық беделін қалыптастыру үшін егемен кредиттік рейтингті арттыру мәселелері жөнінде халықаралық рейтингілік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасау және халықаралық капитал рыноктарына шығу, елге тікелей инвестицияларды тарту, сыртқы экономикалық байланыстардың тұрақтылығы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: рейтингілік агенттіктерге Қазақтан Республикасының Үкіметі Standard and Poor's (1997 жылғы 4 маусымдағы), Fitch Rating

Ltd. (1997 жылғы 8 қыркүйектегі), Moody's Investors Service (1996 жылғы 1 шілдедегі) сияқты үш озық халықаралық рейтингтік агенттіктерімен жасасқан Келісімдердің шарттарына сәйкес оның әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және тәуелсіз бағалау негізінде Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін бергені және жыл сайынғы қайта қарағаны үшін рейтингтік агенттіктердің қызметтеріне уақтылы ақы төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау | Standard and Poor's, Fitch Rating Ltd, Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттіктері ұсынатын қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін арттыру; инвесторлық базаны кеңейту; Қазақстанның халықаралық инвестициялық беделін арттыру; Қазақстанның

міндеттемелері үшін төмен тәуекел және өзі борышын өтеуге жеткілікті қабілеттілігі; Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялардың ағынын ұлғайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 201-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Әлеуметтік-экономикалық дамудың талдамалық зерттеулері" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 242064 мың теңге (екі жүз қырық екі миллион алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 желтоқсандағы N 1285 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының 2010 жылға

дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында көзделген міндеттерді іске асыру бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі Техникалық ынтымақтастық туралы келісім негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізуі;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және орта мерзімді жоспарларының іске асырылуын қамтамасыз ету, мемлекеттік қаржыны басқаруды жетілдіру, тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму, ел экономикасының теңгерімділік деңгейін арттыру негізінде халықтың тұрмыс деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз ететін тиімді экономикалық тетікті қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономиканың түйінді секторларындағы мемлекеттік органдардың жұмысында талдамалық әдістерді қолдануды өрістету, мемлекеттік қаржыны жоспарлау мен перспективалы болжаудың әдіснамалық және әдістемелік базасын қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді кезеңге арналған индикативтік жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары бойынша зерттеулер жүргізу, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес инновацияларды енгізудің тиімді жүйесін құру және дамыту әрі бәсекеге қабілеттілікті дамыту;

орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтары жөнінде зерттеулер жүргізу; жалпы экономикалық, салааралық, өңірлік, сыртқы экономикалық проблемаларды шешу бөлігінде елдің "Қазақстан-2030" Стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар мен тетіктерді тұжырымдау; дүниежүзілік экономиканың , Қазақстанның негізгі сауда және экономикалық әріптестері болып саналатын елдердің даму үрдістерін зерделеу, сыртқы және ішкі факторлардың экономика мен әлеуметтік салаға ықпалын бағалау және мұның келеңсіз салдарларын жеңілдету жөнінде кешенді зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 011 | | | | Әлеуметтік-экономика-лық дамудың талдамалық зерттеулері |
| 2 | | 100 | Халықаралық қаржы ұйым-дарымен бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізу | Техникалық ынты-мақтастық туралы келісім негізінде Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен бірлескен зерттеулерге | Жыл бойы | Қазақстан Республика-сының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мынадай тақырыптар бойынша үлестік қатысу: 1. Мемлекеттік шығыстар және институционалдық шолу; 2. Макроэкономи-калық болжау және экономикалық өсу нүктелерін айқындау; 3. Өңірлік су-энергетикалық мәселелері; 4. Аумақтық даму; 5. Өндірумен ай-налыспайтын сала-лардың бәсекеге қабілеттілігі; 6. ДСҰ-на кіру; 7. Кедейшілікті бағалау; 8. Денсаулық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сақтау және білім беру секторларының стратегиясы;<br>9. Қоршаған ортаның стратегиялық мәселелері;<br>10. Телекоммуникациялар мәселелері;<br>11. Қаржы секторындағы зерттеулер;<br>12. Мұнай өндіру саласында технологияларды коммерцияландыру және жеткізушілерді дамыту мәселелері жөніндегі зерттеулер;<br>13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сұраулары бойынша консультациялар өткізу |
| 3 | 101 | Экономика және мемлекеттік қаржы саласындағы талдамалық зерттеулер | Мынадай: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі үшін болжамдық-талдамалық жұмыстар; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және оның перспективалары; |

ішкі және әлемдік экономика дамуының мониторингі;
ұзақ мерзімді және орта мерзімді кезеңге арналған тұрақты экономикалық даму проблемаларын зерттеу;
стратегиялық орта мерзімді және бюджетті жоспарлау жүйесін жетілдіру бағыттары;
Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының талдамалық зерттеулерінің басқа да бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына талдамалық зерттеулер жүргізу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыратын және бюджетаралық қатынастар бойынша әдістемелік және нұсқамалық материалдарды әзірлеу, аумақтық дамуды жетілдіру, Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ макроэкономикалық болжамдау мен экономикалық өсу стратегиясын жетілдіру, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына макроэкономикалық талдау жүргізу және соның негізінде реформалар барысын бағалауды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық даму процестерін мемлекеттік реттеу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау, Қазақстан Республикасын аумақтық дамыту жөнінде кешенді шаралар әзірлеу, мемлекеттік салық-бюджет саясаты мен инвестициялық саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау, Қазақстан Республикасының даму стратегиясын, әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарларын, мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды әдіснамалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
202-ҚОСЫМША

*Ескерту. 202-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығын дамыту" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1373887 мың теңге (бір миллиард үш жүз жетпіс үш миллион сегіз жүз сексен жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы акционерлік қоғамның жекелеген мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 795 қаулысы , " Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының өзекті бағыттары бойынша

маркетингтік-талдамалық зерттеулер жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: отандық және халықаралық рыноктарға, экономиканың салалары мен секторларына зерттеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Маркетинг-тік-талда-малық зерт-теулер ор-талығын да-мыту | Мұнай-химия өнер-кәсібінде және қор рыногында ауқымды зерттеулер жүргізу үшін "Маркетинг-тік-талдамалық зерттеулер орталы-ғы" АҚ-тың жарғы-лық капиталын толықтыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мұнай-химия саласы мен Қазақстанның қор рыногын дамытудың негізгі бағыттарын айқындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
203-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын іске асыру барысына сыртқы бағалау жүргізу" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1500 мың теңге (бір миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ережелері туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі N 1099 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру бойынша 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру барысының сыртқы бағалауын жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Стратегияны іске асырудың оң және келеңсіз үрдістерінің көрінісі, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды, жоспарланған міндеттер мен индикаторларға қол жеткізу дәрежесін және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оның іске асыруының әсерін айқындау, сондай-ақ Стратегияның тиімді іске асыру процесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстарды дайындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын іске асыру ба- | Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру барысының сыртқы бағалауын жүргізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

рысына бойынша консуль-
сыртқы тациялық
бағалау қызметтер алу
жүргізу

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: стратегияны іске асыру барысында сыртқы бағалау негізінде жоспарланған міндеттер мен индикаторларға жету дәрежесін айқындау;

әлеуметтік-экономикалық ахуалға оның мультипликативтік тиімділігін бағалау және Стратегияны іске асыруын одан әрі арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
204-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 278500 мың теңге (екі жүз жетпіс сегіз миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларда тіршілік ету объектілерін салуға және қайта жаңартуға бағытталған шараларды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттерге қаржылық қолдау көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

---

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | Экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларда тіршілік ету объектілерін салу және қайта жаңартумен байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін облыстық бюджеттерге республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: көзделген қаражатты республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге 100% аудару.

Ескерту: облыстық бюджеттерге көрсетілген қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен алынатын трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
205-ҚОСЫМША

220-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Экономика саласындағы басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру" деген 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 123771 мың теңге (бір жүз жиырма үш миллион жеті жүз жетпіс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қызметкерлері оқыту бағдарламаларына қатысатын қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларды рыноктық жағдайларда жұмыс істеуге бағдарлау. Бағдарламаға қатысатын қазақ және неміс кәсіпорындарының арасындағы екі жақты экономикалық байланыстарын қарқындандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Экономика саласындағы басшы қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі білім беру функцияларын жүзеге асыру . Мамандардың экономика және өндірісті басқару бойынша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру; бұрын алынған кәсіптік білімді тереңдету немесе жаңа білім алу. ГФР-ның кәсіпорындарына тағылымдамаға жіберу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 042 | | Экономика саласындағы басшы қыз- меткерлер- дің білік- | Экономика және өндірісті басқару саласындағы басшы қызметкерлердің біліктілігін (600 | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау |

тілігін адамнан кем емес) министрлігі
арттыру арттыру курстарын
өткізу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Орта және жоғары буындағы қазақ менеджерлерінің кәсіптік, әлеуметтік және мәдениаралық құзыреттілігін арттыру;

келешекте шешу перспективасымен тағылымдамадан өтушінің кәсіпорны алдын ала қалыптастырған проблеманы шешу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау; неміс және қазақ кәсіпорындары арасында шаруашылық қарым-қатынастар орнату және оларды өрістету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК